



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 30/108
27 шілде



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ВОЕННЫЙ СБОР



На полигоне «Сары-Шаган» идет подготовка мобилизационного ресурса

На базе межвидового учебно-тренировочного полигона «Сары-Шаган» в Карагандинской области стартовали воинские сборы с военнообязанными.

В торжественной церемонии открытия сборов приняли участие первый заместитель министра обороны - начальник Генерального штаба Вооруженных сил генерал-лейтенант Султан Камалетдинов, командование Сухопутных войск, ветераны Вооруженных сил, личный состав воинских частей и подразделений гарнизона и местные исполнительные органы.

Прохождение воинских сборов - это этап армейской службы, где с глубоким овладением военными специальностями вы получаете физическую и духовную закалку, у вас формируется твердая жизненная позиция готовности защищать Отечество, - отметил генерал-лейтенант Султан Камалетдинов, обращаясь к военнообязанным. - С сегодняшнего дня вы находитесь при исполнении обязанностей воинской службы и должны быть готовы выполнить любой приказ для защиты граждан нашей страны.

После торжественной части начальник Генерального штаба Вооруженных сил РК ознакомился с учебно-материальной базой и инфраструктурой полевого лагеря. Главная цель воинских сборов - повышение боеготовности Вооруженных сил страны,

подготовка военно-обученного резерва, выучка граждан по дефицитным воинским специальностям.

За дни сборов нам предстоит вспомнить и закрепить навыки, приобретенные во время срочной службы, здесь мы также сможем ознакомиться с новыми образцами вооружения и военной техники, - говорит военнообязанный Сүндет Амандыков, призванный из города Шахтинск Карагандинской области.

В течение месяца с военнообязанными будет проведена переподготовка специалистов артиллерийских подразделений с применением различных видов военной техники. В дальнейшем призванные из запаса военнообязанные пройдут слаживание в составе отделений, взводов и рот. Это необходимо, поскольку за минувшее время техника казахстанской армии значительно обновилась, стала более сложной и эффективной.

Сборы с военнообязанными продлятся до конца августа текущего года. Напомним, что военнообязанные, призванные на воинские сборы, обеспечиваются вещевым имуществом, питанием и медицинским обслуживанием наравне с военнослужащими. На период прохождения воинских сборов сохраняются место работы и занимаемая должность, им выплачивается средняя заработная плата, а неработающим - минимальная заработная плата за счет государства.

Думан Курмангалиев



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУ

Мемлекеттік қызметке орналасу бойынша толығырау ақпарат алу үшін Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімі аппаратының кадр қызметі бөліміне

8(71039)54274, 8 777 825 65 48
хабарласа аласыздар!



ВЕДЕТСЯ ОТБОР НА ГОСУДАРСТВЕННУЮ СЛУЖБУ!

Для получения более подробной информации по поступлению на государственную службу можете обратиться в отдел кадровой службы аппарата акима города Приозерск Карагандинской области

8(71039)54274, 8 777 825 65 48



ҚҰЖАТТАҒЫ ҚАТЕЛІКТЕР ӨЗГЕРТІЛІП, ҚАЙТА ҰСЫНЫЛДЫ

Департаментке қызмет алушыдан мемлекеттік қызмет алу барысында бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша шағым түсті.

Шағымда қызмет алушы «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету бөліміне «Тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулеренгізу» қызметін алу үшін жүгінген.

Алайда, қызмет алушы туу туралы куәлікте өрескел қателіктердің жіберілгенін байқап, мемлекеттік қызметтің сапасына қатысты Департаментке шағым білдірді.

Департаментпен аталған шағым негізінде тексеріс шаралары жүргізіліп, өрескел бұзушылықтар-

дың орын алғаны анықталды.

Сонымен қатар, аталған құжатта тіркеу бөлімі басшысының қолы қойылмаған.

Тексеріс шараларының қорытындысы бойынша ХҚКО басшысының атына орын алған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау жөнінде хат жолданып, қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Департамент азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды және туындаған мәселелерге жеделден қою бойынша жұмыстарды тұрақты түрде жүргізіп отыр.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті

ҚАЗАҚҚА ҚОРҒАН БОЛҒАН ҚОРЖЫНТҮБЕК



Тоқсаныншы жылдардың аяғына қарай сол кезде жасы сексеннен асқан Сарышаған кентінде тұратын ақсақалмен қалалық ауруханада бірге жаттым. Емделушілердің емшара уақытынан тыс кездегі ермектері көбіне шахмат, дойбы немесе карта ойнау екені белгілі. Біз ақсақал екеуміздің ермегіміз әңгіме-дүкен құру болатын. Сондай сұқбаттардың бірінде қазіргі Приозерск қаласының ашылуы туралы сұрастырдым. Ақсақал біраз үнсіз отырып барып, сөз бастады:

— Ол соғыстан кейінгі елдің еңсесін енді көтере бастаған кезі болатын. Соғыстың ауыр зардабын енді ұмыта бастаған жұрт өдерінің қалыпты тіршілігіне көшкен. Бұл жер ол кезде Қоржынтүбек аталатын ауыл еді. Ұмытпасам, 1956-жылдың жазында ауылымызда әскери киімді адамдар аяқ астынан қаптап кетті. Олардың не істеп, не қойып, не ойлап жүргенін ешкім білген жоқ. Ауыздарына мақта тығып алғандай, тіс жарып ештеңе айтпай, жерді өлшеп, әр жерге қада қағып кетті. Көп ұзамай ауылды түгел көшіруге бұйрық болып, адам баласымен ақылдаспай, жөн сұрамай-ақ құтты қонысымыздан көшіріп тастады. Міне, сөйтіп қазіргі Приозерск қаласы Қоржынтүбек аталатын біздің ауылдың орнынан бой көтерген болатын. Бұл мекен баяғы ақтабан шұбырынды, алқағөл сұлама заманынан бергі кезеңде қазаққа құтты қоныс болып, небір ашаршылық замандарда елді аштықтан аман алып қалған ырысы мол, берекесі бекем жер еді. Мұндағы жұрт балық аулаумен қатар мал да ұстап, ауыл-үйдің адамдары шаруасын дөңгелетіп, ешқашан таршылық көрмеген. Сол жаңа қала салынғанда қаншама ата-бабаларымыздың мазары мен қорымы қазіргі қаланың табанында көміліп қала берді. Ашынған, жаны шырқырап, сүйегі сырқыраған жұрттың мұң-зарына құлақ асқан жан баласы болмады. Ол кезде кеңес үкіметінің қандай жоспары барынан қарапайым халық бейхабар болды. Сөйтіп, бұрынғы Қоржынтүбек ауылының орнынан жаңа қалашық бой көтерді және ол сырт көзден

жасырын, жабық ұсталды. Мұнда не жасалып жатқанын қарапайым халық ешқашан білген емес. Бұл кешегі тәуелсіздік алғанға дейін осылай жалғасын тапқан болатын. Бұның шетжағасына өздерің де куә болдыңдар...

Ақсақал айтқандай, расымен де кеңестік дәуірде ұлан-ғайыр елімізді сырт дұшпаннан қорғау мақсатында деген желеумен талай сынақ алаңдары мен жасырын әскери бекіністер салынған. Бұл жерлерде бүгінгі таңға дейін ақиқаты толыққанды ашылмаған, небір сынақтар жүргізілгенін тәуелсіздік алғаннан кейін ғана шым-шымдап біле бастадық емес пе? Аталмыш сынақ алаңдарының кейбіреуі ғана елдің қорғаныс саласына шынайы қызмет етсе, бір бөлігі адам баласын қырғынға әкеп соқтыратын атом бомбаларын сынақтан өткізуге бағышталғанын біреу білсе, біреу білмейді. Бұл қасіретке толы жәйттер жайында енді ғана айтыла бастады, алдағы уақытта әлі зерттеліп, ашық айдын жазылатын және ұрпақтарымыз білетін болады. Мемлекет тарапынан бұл мәселеге қатысты едәуір маңызды шаралар қолға алынып, жүзеге асырыла бастағаны бүгінде көңілге қуаныш ұялатады. Соңғы жылдары аталмыш сынақ алаңдарын еліміздің игілігі мен қорғаныс қабілетіне лайықтап пайдалануда бірқатар тәжірибе жинақталды. Елдің қорғаныс қабілетін арттыруға пайдалануға лайық сынақ алаңдарының бірі – Сарышаған сынақ алаңы болып отыр.

Кеңес Одағы толықтай ыдыраған соң, 1992-жылдан бастап сынақ алаңының әскери қызметкерлері Ресей Үкіметі тарапынан барынша қысқартуға ілікті де, Приозерск қаласы дерлік бос қалды. Иесіз қалған қалашықтың жағдайы жыл санап емес, күн санап нашарлап бара жатты. Қаланы аман сақтап қалудың басты жолы – қаланы бейбіт өмірге ыңғайлап, қайта жасақтау болатын. Ол үшін қалаға сырттан тұрғындарды тарту қажеттігі туындады. 1992-жылғы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан соң, биліктің дүниежүзі қазақтарына арнаған Үндеуі жария-

ланып, шетте жүрген қандастарымыздың тарихи Отандарына қарай алғашқы көші жолға шықты. Сол жылдан басталған ұлы көш үздіксіз елге ағылып жатты. Осы орайлы сәттен пайдалануды қолай көрген сол кездегі қала әкімі Сағымбай Мұқатайұлы Медеубаев Жезқазған облысының сол жылдардағы әкімі Қажымұрат Нағмановпен біргелікте Өзбекстанның Науаи, Бухара облыстарынан қандастарымызды көлікпен көшіріп алуды қолға алған еді. 1995-жылдың басынан басталған бұл игілікті шара көп өтпей өз нәтижесін берді де. Сонымен бірге еліміздің өзге аймақтарындағы жұмыссыздық пен жетіспеушіліктен қиындыққа тап болған аудандар мен ауылдардан да халықтың қалаға көшіп келу үрдісі жалғасып жатты.

Қандастарымызға әкімдік тарапынан барынша қолдау мен көмек көрсетіліп, олардың жаңа орынға орналасуына, икемделуіне жағдай жасалды. Аз уақыттың ішінде қала жаңа тұрғындармен толығып, қауаған қаланы қайта қалпына келтіру жұмыстарына қызу кірісіп кетті. Көптеген қиындықтармен беттесуге тура келсе де, қаланың жаңа тұрғындары қаланың шырайын қайта кіргізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасап бақты. Келер жылында қаланың 40 жылдық мерейтойы лайықты аталып өтті. Одан бергі қала өмірі баршамыздың көзалдымызда өтіп жатыр. Қаланың құрып кетпей, жаңа тіршілікке бет алуы жолындағы С.М.Медеубаевтың еңбегін ерекше айта кеткенді жөн санаймыз. Ол кісінің есімі қаланың болашақ тарихында ұмытылмастай болып жазылып қаларына сенімдімін.

Тосаттан соққан замана дауылына төтеп бере алмай, үйлері қиратылып, нысандары бұзылып, қирауға айналған қаланы қайта түлеуіне сырттан көшіп келген қандастардың, еліміздің әртүрлі аймақтарынан қоныс аударған халықтың бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұйымшылдықпен еткен еңбегінің арқасында қала аяғынан тік тұрды және жаңа тіршілік жасауға көшті. Бұған жекелеген тұлғалардың қосқан

үлесін де атап өткеніміз жөн. Олардың арасында мамандар, құрылысшылар, сантехниктер, elektrikтер, жапсарлаушылар, дәрігерлер, мұғалімдер, тәрбиешілер т.б. мамандық иелері бар. Әсіресе қазіргі заманға лайық жеке кәсіпкерлікпен айналысып, оны дөңгелетіп, тұрғындарды жұмыспен қамтуға атсалысқан жандарды айрықша атап өтуге тиіспіз. Атап айтқанда, кәсіпкерліктің алғашқы қарлығашы Жәли Лесбекұлы Әбдімүтәлипов, Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев, Проходцев Олег Николаевич, Мұрат Енсетбайұлы Нарымбетов, Муса Жәлиұлы Әбдімүтәлипов, Бауыржан Сұлтанов, Жданова Татьяна Васильевна, Григорьева Ирина Алексеевна т.б. мықты кәсіпкерлер кейбіреулер секілді тек алыпсатарлықпен айналысып отырмай, өнім шығаруды қолға алған және біраз отбасылардың нәпакаларын сол жерден табуына көмек қолын созуда.

Еліміздің қорғаныс саласы үшін маңызы зор қаланы мемлекет назардан тыс қалдырмай, болашақта туристік қалаға айналуы үшін қолдан келер шараларды жасауда. 2010-жылары қаланың дамуына қомақты қаржы бөлініп, мекеніміз бүгінде қайта туғандай жасарып, жаңғырып келеді. Сонау қиын кезеңде дүние есігін ашқан балалар бүгінде зінгітей азамат болып, алды оқу бітіріп, қаланың өмір-тіршілігіне, оның дамуына үлестерін қосуға араласып та кетті. Болып жатқан елеулі өзгерістер тек жақсы жағынан көрінуде. Қаншама нысандар мен тұрғынүйлер күрделі жөндеуден өтті және жаңадан бой көтергендері қаншама? Жуықтап қалған қаланың 68 жылдық мерейтойына дайындық жұмыстары қалада ішінара жүргізілуде. Аталмыш мерейлі күнге барша қала тұрғындары қал-қадерінше өздерінің үлестерін қосады деп сенеміз және біз де алдағы уақытта да мерейтой тақырыбына қайта оралалып соғатын боламыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

КОКЛЮШ

Острая инфекционная болезнь, характеризующаяся постепенно нарастающими приступами спазматического кашля.

Возбудитель коклюша *Bordetella pertussis*. Представляет собой палочку с закругленными концами. Во внешней среде микроб неустойчив, быстро погибает под воздействием дезинфицирующих растворов, солнечного света, при t- 56о С погибает через 10-15 минут.

Источником инфекции является больной человек. Представляющий наибольшую опасность для окружающих в катаральном и в первую неделю спазматического периода болезни.

Инфекция передается воздушно-капельным путем во время кашля, разговора и чиханья. Ввиду нестойкости палочки коклюша такая передача возможна только на расстоянии до 2-3 м. Больной коклюшем перестает быть заразным для окружающих спустя 6 недель от начала заболевания. Болеют дети чаще в возрасте от нескольких месяцев до 5-8 лет. После перенесенного коклюша остается стойкий иммунитет.

Распространению коклюша способствуют некоторые социальные факторы: плохие жилищно-бытовые условия, большая скученность населения.

Инкубационный период 2-15 дней. В течении коклюша различают

следующие периоды: катаральный (3-14 дней), спазматический или судорожный (2-3 нед) и период выздоровления.

Заболевание развивается постепенно. В течение катарального периода наблюдаются лишь воспалительные изменения в верхних дыхательных путях, характер кашля обычный.

Основной клинический симптом спазматического периода коклюша – приступобразный судорожный кашель. Приступ кашля возникает внезапно или после периода предвестников ауры (появляется беспокойство, першение в горле, чувство давления в груди). Он начинается с нескольких коротких кашлевых толчков, следующих друг за другом без передышки. Затем отмечается глубокий вдох, который в связи со спазматическим сужением голосовой щели сопровождается свистящим звуком – реприз. Приступ кашля заканчивается отделением вязкой мокроты или рвотой.

При тяжелом течении коклюша количество приступов составляет 25-30 в сутки и может достигать до 60, сопровождаясь симптомами кислородной недостаточности (возбуждение ребенка, цианоз лица, губ, набухание вен шеи и головы, кровоизлияния под кожу и конъюнктиву). При частых приступах кашля лицо становится одутловатым.

У детей первого года жизни

инкубационный период коклюша обычно сокращается до 3-5 дней, катаральный – до 2-6 дней. Приступы кашля протекают без репризов, часто сопровождаются остановкой дыхания, судорогами, этим она и опасна.

Наиболее частым осложнением коклюша особенно у детей до 1 года, является пневмония. Наблюдаются перибронхиты, острый отек легких. Симптомы поражения сердечно – сосудистой системы: спазм периферических сосудов, повышение АД, геморрагические проявления, тахикардия. Поражение нервной системы обусловлено преимущественно гипоксемией (кислородной недостаточностью)

Смерть может наступить от асфиксии при полном закрытии голосовой щели вследствие спазма мускулатуры гортани во время приступа кашля, а также от остановки дыхания и судорог.

Профилактика заключается в проведении плановой вакцинации детей адсорбированной коклюшно-дифтерийно - столбнячной вакциной.

Основным способом профилактики коклюшной инфекции является своевременная вакцинация в рамках национального календаря профилактических прививок.

В 2 месяца малыши получают комплексную прививку против гепатита, полиомиелита, коклюша, дифтерии и столбняка (АКДС) и гемофильной инфекции типа b.

В 3 месяца делают повторные прививки от коклюша, дифтерии и столбняка (АКДС), полиомиелита и гемофильной инфекции типа b.

Последние прививки до года – в 4 месяца – 3 этап вакцинации от гепатита, полиомиелита, гемофильной инфекции типа b и коклюша, дифтерии и столбняка. в 1,5 года – ревакцинация АКДС, полиомиелита и гемофильной инфекции типа b. в 6 лет (в 1 классе) ревакцинация АКДС.

Вакцинация позволяет предупредить заболевание коклюшной инфекцией или же оно протекает в легкой форме.

Также, в случае если в семье есть заболевший с признаками респираторной инфекции и кашлем, необходимо свести к минимуму контакт с детьми, не привитыми, в том числе, по возрасту (дети до 3 месяцев). В помещении следует организовать ежедневную влажную уборку с применением моющих средств и частое проветривание.

Уважаемые родители! Не отказывайтесь от возможности защитить своих детей от этой коварной инфекции!

Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля

САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ



Нашақорлық – адамзаттың қас жауы. Бүгінде дүние жүзі осы ғасыр дертінің алдын алу мақсатында түрлі шаралар қолданып, мәселені шешудің жолын іздеуде. Елімізде де нашақорлықпен күрес кешенді түрде жүргізілуде. Осы орайда «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Халықаралық наркомандық және наркотикпен күрес күніне орай «Салауатты ұрпақ – Тәуелсіздік тірегі» тақырыбында әңгіме сағаты өтті. Мақсаты: табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы – денсаулықты сақтаудың басты жолдары – зиянды, жат қылықтардан аулақ

болып, салауатты өмір сүру екендігін ұғындыру. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздегеннің» әлде қайда тиімдірек екендігін ұғындыру, дене тәрбиесіне, салауаттылыққа дағдыландыру. Шара барысында зиянды әдеттердің адам өміріне деген кері әсерін, наркотикпен заң жүзінде қатаң жазаға тартылатындығы туралы мәліметтер айтылып, «Салауатты ұрпақ-Тәуелсіздік тірегі» атты кітап көрмесі таныстырылып өтті.

Нашақорлық – есірткі заттарына патологиялық құмарлық. Нашақорлық – бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет.

Нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер шалдығады, алайда осы кезде ересектер арасында да есірткінің тұзағына түсіп қалған адамдар көбейіп келеді. Нашақорлық – жеке тұлғаның толық бұзылуы. Нашақорлықты емдеумен айналысатын мамандар оны «био-психосоциальдік рухани» бұзылыс деп атайды. Яғни есірткіге тәуелді адам бірте-бірте өзін-өзі сыйлауды жоғалтады: өзінің адамгершілік қасиеттерін жояды, психикасы қалыпты болмайды, достарынан, отбасынан айырылады, мамандық ала алмайды және қоршаған адамдарға, өзіне зиян келтіреді.

Есірткілер немен қауіпті?

Есірткілерді тұтыну психикалық және тәндік тәуелділікке, адам тұлғасының кейде азғындалуға дейін өзгеруіне, денсаулығының нашарлауына (ауруларға және асқинуларға) әкеліп соғады және өміріне қауіп төндіреді.

Есірткі тұтынатын жасөспірімдер мен жастар өздерін қоғамға және Заңға қарсы қояды, олардың болашағы жоқ. Нашақорлыққа шалдыққан науқас өмірінің орташа ұзақтығы 2-3 жыл.

Нашақорлық қоғам дерті. Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде заң сақшылары нарколог мамандар,

ата-аналар және сіздер мен біздер әрбір Қазақстан азаматы шетте қалмау керек. Ғасыр дертімен күресу керек. Дүниедегі ең қымбат нәрсе ол сенің өмірің. Сенің өмірің ол өз қолыңда.

Нашақорлық туралы қаншама айтылып, көрсетіліп жүрсе де, оның азаймағаны рас. Сондықтан бұл дертпен жалғыздықта күреспей, ел болып, халық болып біріге күрессек ғана оның алдын ала аламыз. Нашақор жандардан дүниеге дені сау перзент келуі екі талай, себебі есірткі дүние есігін әлі ашпаған, іште жатқан сәбидің ағзаларың ұлайды, сондықтан жастар ойланайық, болшақ ұрпағымыздың өміріне балта шаппайық.

Нашақорлыққа қарсы күрес жүргізу, оның алдын алу — біздің қолымызда, себебі біздер жаңа дәуірде елімізді сақтайтын жігерлі, мықты, денсаулығы зор ұрпақ жалғастыратын қазақ елінің салауатты ұрпағымыз. Кішкентай ғана аз ғұмырымызда тұңғық түбіне батпай, ата-бабаларымыз бізге аманат еткен тәуелсіз еліміздің көк туын төмен түсірмей, біріге көкке көтерейік.

Библиограф: Аружан Абдулгизқызы

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиля Зейнелкапдулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-33-16

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16

Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» 5-33-16

Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-38-70

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК» 5-38-70

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела – Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16

«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің азаматтарды қабылдау күні әр аптаның дүйсенбі күні сағат 16:00-17:00 аралығында. Сенім телефондары: 8(71039)5-40-93, 8(71039)5-40-95

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 5-30-06

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06

График приема граждан:

Акима города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов



Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №30/108, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.